



KORKYT ATA
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

SYR TÚLEGI

student jastar gazetі

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№27 (452) 1 қыркүйек,
2025 жыл



Қадірлі қауым, құрметті әріптестер!

Сіздерді 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні және 1 қыркүйек – Білім күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Биылғы жылдың Қазақстан Республикасы үшін орны ерекше – Егемен Ел атанғанымызға 35 жыл толғалы отыр. Бұл тұрғыда мемлекеттік биліктің қайнар көзі – халықтың өзі екенін айқындаған Конституциямыздың қабылданғанына 30 жыл толуын атап өтудің де маңызы зор.

Конституция күні мен Білім күнінің бірге мерекеленуі – жастарға біліммен қатар елжандылық пен құқықтық сана-сезімнің қатар берілуінің нақты белгісі деп білеміз.

Қадірлі 1-курс студенттері!

Сіздерді бүгінгі маңызды мерекелермен құттықтаймын!

Қорқыт Ата университеті – өңіріміздің ғылыми, білім беру және инновациялық орталығы ретінде өзінің биік орны мен ролін дәлелдеп, әлемдік білім беру жүйесіндегі орнын жылдан-жылға нығайтып, бірқатар беделді рейтингте жоғары көрсеткіштерге ие болып келеді.

Бұған ұжым болып атқарған кешенді де жүйелі жұмыстардың нәтижесінде қолымыз жетті.

Биыл университет өзінің 89-шы оқу жылын бастағалы отыр.

Университетімізде Алматы, Батыс Қазақстан, Ұлытау, Маңғыстау, Жетісу, Түркістан облыстарынан, Ақтөбе, Атырау, Павлодар, Қарағанды қалаларынан, сондай-ақ Ресей, Өзбекстан, Моңғолия, Қытай, Тәжікстан, Қырғызстан елдерінен келген студенттер білім алуда. Жаңа оқу жылында бұл тізім Түрікменстаннан келген студенттермен толыққа.

2025-2026 оқу жылындағы білім алушылардың жалпы саны – 11,7 мыңнан асып отыр. Осы контингенттің 40 пайыздан астамы мемлекеттік білім грантының иегері болып табылады. Соңғы алты жылда білім алушылар контингенті 2 еседен астам көбейді.

Құрметті әріптестер! Қадірлі жас достар!

Университетіміздің мақсаты – отансүйгіш, жаны мен ары таза, қоғамымыздың белсенді мүшесі болатын, бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау мен шын мәніндегі тұлғаларды қалыптастыру. Бұл – бүгінгі заманымыздың талабы.

Бүгін, 1 қыркүйек – барлығымыздың, яғни саналы өмір есігін айқара ашқан жастар үшін, оларды тәрбиелеп өсірген ата-аналар үшін, салауатты мен әлеуеті мол ұстаздар қауымы үшін ерқашан есімізде жүретін айрықша күн! Қасиетті қарашаңыраққа қош келдіңіздер!

Жаңа оқу жылында ұстаз-әріптестерімізге жаңа табыстар тілейміз! Жас достар, талаптарыңыз оң, қадамдарыңыз құтты болсын! Баршаңызға шығармашылық шабыт, жарқын идеялар мен толағай табыстар әрдайым серік болғай!

**Басқарма төрағасы - Ректор
Бейбіткүл КАРИМОВА**



ЕҢБЕКПЕН ЕР ӨСЕДІ

Қазақтың «қос тойың қабат болсын» деген тәмсілі білім саласы қызметкерлері үшін жаңа оқу жылы қарсаңына түспә-түс келуі біраз уақыттан бері дәстүрге айналғандай. 30 тамыз – ҚР Конституциясы күнімен басталған мерекелік шаралар, салтанатты жиындар 1 қыркүйек – Білім күніне ұласып жатады.

Осындай маңызды күндер қарсаңында Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан университетіміздің жоғары білім беру саласында білікті мамандарды даярлаудағы жетістіктері үшін, оқу ордасының мәртебесін көтеруде шығармашылық белсенділік танытқан, ынтымақтастықты нығайтуға және дамытуға елеулі үлес қосқан бірқатар сала үздіктері марапатталды. Атап айтқанда:

«Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісімен: Кеншінбай Темірболат Ыбрайұлы – филология ғылымдарының кандидаты, халықаралық байланыстар бөлімінің халықаралық жобалар және стипендиялық бағдарламалар бойынша жұмыс тобының жетекшісі;

Бахтиярова Сара – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы.

«Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен: Абуова Набат Ауелбековна – педагогика ғылымдарының кандидаты, редакциялық-баспа бөлімінің басшысы.

«Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен: Бекмағамбетов Шанжархан – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика білім беру бағдарламаларының доценті.

Айтимов Мұратбек Кенжебайұлы – филология ғылымдарының докторы, қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы.

Еңбекке көрсетілген құрмет мұнымен шектеліп қалған жоқ. Әріптестеріміздің бірқатары «Ғылым үздігі», «Тіл жанашыры», «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ісінің үздігі» құрмет дипломдарымен; «Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамотасымен», «Ғылым және жоғары білім министрлігінің Алғысымен» марапатталды.

Құрмет иелерінің ғылыми ізденістеріне табыс, шығармашылықтарына кең өріс тілейміз. Қоғамға серпін болар жетістіктеріңіз мол болсын! Өмірде бақытты, ұжымда беделді, дос-жолдастарыңызға қадірлі болып, отбастарыңыздың береке-бірлігі арта берсін!

ҒАЛЫМДАР ҚАТАРЫНЫҢ САПАСЫ АРТТЫ

Профессор-оқытушылар құрамының ғылыми дәрежесі университет мәртебесін қалыптастыруда аса ерекше мәнге ие. Биылғы жаз маусымы осы тұрғыда университет үшін олжалы болды.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының пілде айындағы бұйрығына сәйкес,

Талапбаева Гүлнар Еділқызы – Экономика және бизнес ғылыми бағыты бойынша;

Қоңырбаев Нұрбек Беркінбайұлы – «Компьютерлік ғылымдар және информатика» ғылыми бағыты бойынша;

Үмбетова Шоппан Мырзабекқызы – Жер туралы және қоршаған орта ғылымдары ғылыми бағыты бойынша;

Сақтағанова Наргүл Аманқызы – «Азаматтық және көлік инженерия» ғылыми бағыты бойынша;

Абдикерова Улия Бақтыбайқызы – «Азаматтық және көлік инженерия» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алды.

Ал, тамыз айының үшінші онкүндігінде Аграрлық технологиялар БББ аға оқытушысы Қ.Т.Аленов – «Құрылыс» БББ бойынша философия докторы (PhD);

Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі БББ докторанты Ж.С.Айлауова – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі БББ бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациясын сәтті қорғады.

Ғалымдарымызға тың бастамаларыңыз бен жобаларыңыз, батыл идеяларыңыз бен бірегей зерттеулеріңіз үшін алғыс айтамыз. Сіздерге зор денсаулық, сарқылмас қуат, ізденіс жолында шабыт және толағай табыстар тілейміз!

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ДАМУ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Қорқыт Ата университеті – өңіріміздің ғылыми, білім беру және инновациялық орталығы ретінде өзінің биік орны мен ролін дәлелдеп келеді.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің тікелей басшылығымен Қазақстанда қолға алынған ірі халықаралық академиялық хаб құру жұмыстары өзінің оң нәтижелерін беруде. Әлемдік беделді университеттердің филиалдары ашылып, халық саны көп елдердің жастары келіп оқитын экожүйе құрылды. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарын интернационалдандыру, ғылымды қолдауға және технологиялар трансфертіне ерекше назар аударылуда. Министрлік университеттерді тұрақты дамыту бағытында қыруар жұмыстар атқарды. Осының арқасында жоғары оқу орындарының халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігі артып, олар әлемдік, құрлықтық, ұлттық деңгейдегі салалық рейтингтерге қатысу арқылы өздерінің даму әлеуетінің деңгейін жан-жақты көрсетуде.

Осы ретте университетіміз әлемдік білім беру жүйесіндегі орнын жылдан-жылға нығайтып, бірқатар беделді рейтингте жоғары көрсеткіштерге ие болып келеді. Атап айтсақ:

Университет ТОП-1400+ әлемдегі ең үздік университеттердің (QS WUR-2025); TOP-541-560 Азиядағы үздік университеттер (QS Asia University Rankings-2025) қатарына кіреді.

2024 жылы университет алғаш рет әлемнің 107 елінен 1744 жоғары оқу орны арасында QS тұрақты даму рейтингіне енді.

Times Higher Education рейтингінде Global University Impact Rankings-2025 индикаторы бойынша университет БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының келесі бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік университеттер арасында TOP-1501+ қатарында орналасқан.

GreenMetric World University Rankings-2024 әлемдік рейтингінде университет 1160-орында тұр.

Қазақстан Республикасы ЖОО-на деген сұраныстың тәуелсіз рейтингі-2024 (APTA) нәтижелері бойынша университет Қазақстан Республикасы ЖОО-ның Бас рейтингінің ТОП-20 құрамына еніп, 7-орынды иеленеді, университеттің 25 білім беру бағдарламасы қазақстандық білім беру қызметтері нарығындағы үздік үш бағдарлама қатарына кіреді.

Жақында ғана Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Британдық QS Stars Rating System халықаралық рейтингісінде 4 жылдыз дәрежесіне ие болды. Өрине, бұл жоғары көрсеткіш өзінен-өзі келген жоқ. Бұған ұжым болып атқарған кешенді де жүйелі жұмыстардың нәтижесінде қолымыз жетті.

Биыл университет өзінің 89-шы оқу жылын бастағалы отыр. Жаңа оқу жылында оқу үдерісі 6 институт пен 24 кафедрада ұйымдастырылады.

Білім беру қызметін университетте 577 оқытушы атқарады, олардың ішінде 22 ғылым докторы, 77 философия докторы (PhD), 189 ғылым кандидаты бар.

Кадрларды даярлау 155 (бакалавриат – 84, магистратура – 53, докторантура – 18) білім беру бағдарламасы бойынша жүргізіледі.

Университет жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларының бағдарлану дәрежесі еңбек нарығының сұраныстарымен анықталады. Қазіргі уақытта өңір үшін өзекті, ел экономикасы үшін сұранысқа ие жаңа білім беру бағдарламалары әзірленіп, жүзеге асырылуда. 2024-2025 оқу жылында 18 білім беру бағдарламасы ашылды (17 БББ бакалавриат, 1 БББ магистратура). Бұл қатарда: Жахандық QS-TOP-600 қатарындағы «Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» (ТИИМСХ) (Өзбекстан) Ұлттық зерттеу университетімен бірлескен 6 (Кадастр, Жерді мелiorациялау, баптау және қорғау, Экология, Техносфералық қауіпсіздік, Жаңартпалы энергетика, Есеп және аудит) білім беру бағдарламасы және Жасанды интеллект саласында Корея республикасының Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен бірлескен 4 (Информатика, Ақпараттық жүйелер, Компьютерлік бағдарламалау және бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу, Киберқауіпсіздік) білім беру бағдарламасы енгізілді.

Қорқыт Ата атындағы ҚҰ қызығышылық артуы

Қос дипломдық білім беру аясында: 2025-2026 оқу жылына Ресейдің Мәскеу авиациялық институтының «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасына 7 білім алушы, СеулТехтың қосдипломды: AI architect» бағдарламасына 20 білім алушы, «Data management» бағдарламасына 20 білім алушы қабылданды.

Бүгінгі таңда Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетімен қос дипломды «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы әзірленді.

2025-2026 оқу жылында университетке барлығы 4252 (бакалавриатқа 3902, магистратураға 319 докторантураға 31) білім алушы қабылданды. Оның 1405-ы (бакалавриат 1221, магистратура 163, докторантура 31), яғни 33,3% мемлекеттік білім гранты негізінде оқуға түсті. Биыл 2020-2021 оқу жылымен (2525 білім алушы) салыстырғанда университетке 1727 (68,4%) білім алушыны көп қабылдадық.

Университетімізде Алматы, Батыс Қазақстан, Ұлытау, Маңғыстау, Жетісу, Түркістан облыстарынан, Ақтөбе, Атырау, Павлодар, Қарағанды қалаларынан, сондай-ақ Ресей, Өзбекстан, Моңғолия, Қытай, Тәжікстан, Қырғызстан елдерінен келген студенттер білім алуда. Жаңа оқу жылында бұл тізім Түрікменстаннан келген студенттермен толықпақ.

2025-2026 оқу жылындағы білім алушылардың жалпы саны – 11,7 мыңнан асып отыр. Осы контингенттің 40 пайыздан астамы мемлекеттік білім грантының иегері болып табылады. Соңғы алты жылда білім алушылар контингенті 2 еседен астам көбейді.

Университет еліміздегі өңірлік зерттеу

орталықтарының бірі. Соңғы жылдары елді әлеуметтік-экономикалық дамытуға қосатын университеттік ғылымның үлесін арттыру бағытында нәтижелі жұмыстар атқарылып, жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулерден түскен табыс көлемі еселеп артты. 2022-2024 жылдар аралығында ғылым бойынша жалпы табыс – 1 554 517,4 мың теңге құрады (2022 ж. - 191 192 мың теңге, 2023 ж. – 589 017 мың теңге, 2024 ж. – 774 308,4 мың теңге).

2021 жылдан бастап 40 жасқа дейінгі жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдау үшін ішкі грант бөлініп келеді. 2024 жылы бұл гранттың сомасы 20 миллион теңге құрады. Өткен оқу жылында 15 жас ғалымымыз диссертацияларын сәтті қорғап, философия докторы дәрежелерін иеленді.

Түлектер – университет мерейі

Өңір экономикасы салаларындағы мамандардың 80 пайызға жуығы университетіміздің түлектері. Құрылғалы бері қоғам мүддесі үшін 100 мыңнан аса кәсіби маман даярланса, соңғы 5 жылдың өзінде 12 мыңнан аса маман түлеп ұшты. Қазір маманның білімі, кәсібилігі, оқып-үйрену мен білімін шыңдауға және ғылыми ізденіске деген қабілеттілігі құнды қасиет ретінде бааланатыны белгілі. Біздің түлектер қай жұмыста болмасын өз ісінің шебері атанып, туған университетінің дәрежесін көтеріп жүр.

Университеттің әр жылдардағы түлектерінің қатарында: ҚР Ұлттық академиясының академиктері Досмұханбет Кішібеков, Надир Надиоров, мемлекет және қоғам қайраткерлері Исатай Әбдікәрімов, Елеу Көшербаев, Халық қаһарманы Роза Бағланова, Еңбек Ерлері Жадыра Таспамбетова, Абзал Ералиев, олимпиада чемпионы Илья Ильин, әлем чемпиондары Марат Сатыбалдин, Өсел Серікбай, т.б. көптеген ел құрметіне бөленген тұлғалар бар екенін айта кетуді орынды деп санаймын.

Университетіміздің мақсаты – отансүйгіш, жаны мен ары таза, қоғамымыздың белсенді мүшесі болатын, бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау мен шын мәніндегі тұлғаларды қалыптастыру. Бұл – бүгінгі заманымыздың талабы.

Бүгін, 1 қыркүйек – барлығымыздың, яғни саналы өмір есігін айқара ашқан жастар үшін, оларды тәрбиелеп өсірген ата-аналар үшін, салауаты мен әлеуеті мол ұстаздар қауымы үшін әрқашан есімізде жүретін айрықша күн! «Алаштың анасы» атанған Сыр бойындағы қасиетті қарашаңыраққа қош келдіңіздер!

Жаңа оқу жылында ұстаз-әріптестерімізге жаңа табыстар тілейміз! Жас достар, талаптарыңыз оң, қадамдарыңыз құтты болсын! Баршаңызға шығармашылық шабыт, жарқын идеялар мен толағай табыстар әрдайым серік болғай!

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректоры Каримова Бейбіткүл Сәрсемханқызының «Білім күніне» арналған жиында сөйлеген сөзінен

Сәтбай Тастанбек Яхияұлы

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДАРДА СОТТАСЫП ЖҮРГЕН АДАМ ПАТРИОТ БОЛЫП ЕСЕПТЕЛЕДІ



Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл. Ата заң еліміздің басты құжаты. Әрбір ел азаматтарының тұрмыс-салты, өмір сүру дағдысы, бостандығы, адами құндылықтары Конституция аясында қалыптасатыны заңдылық. Міне Конституцияның маңыздылығы осында.

Еліміз егемендік алып, дербес Конституциямыздың іске асырылғанына да ширек ғасырдан астам уақыт болып отыр. Мерейтой қарсаңында университетіміздің қауымдастырылған профессоры тарих ғылымдарының докторы Сәтбай Тастанбек Яхияұлымен жүргізген сұхбатымызды оқырман назарына ұсынамыз.

- Елдің даму жолында Ата заңның маңызы қандай?

- Қазақстанның конституциясы ең жас конституциялардың бірі. Егемендікті алғаннан кейін Қазақстанның заңгерлері орасан зор жұмыс істеді. Ең озық деген демократиялық елдердің конституцияларына сараптама жасады. Әсіресе ұнағаны, француз конституциясы болды. Қазақстан конституциясын дайындауда көптеген заңгерлердің есімдерін атап өтуге тиіспін. Ең бірінші кезекте заң ғылымдарының докторлары: Нағашыбай Шайкенов, Сұлтан Сартанов, Салық Зиманов, сондай-ақ философ Жабайхан Абдилдин, заңгер Игор Рогов сынды көптеген қайраткерлердің қажырлы еңбегінің нәтижесінде 1993 жылы еліміздің алғашқы конституциясын қабылдаған болатынбыз.

Маңыздылығына тоқталатын болсақ, өркениетті елдердің тәжірибесінде олар Ата заңдарының орындалуымен мақтанады. Дамыған мемлекеттерде патриотизм заңдардың орындалуымен таразыланады.

- Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың бүгінгі нәтижесі қандай?

- Бұл «қантарақиғасынан» кейін орын алды. Конституцияның «біліктілердің жеке қауіпсіздігіне» қатысты тұсы өзгерістерге ұшырады. Әу бастан, бұл депутаттардың саяси деңгейі аясында қабылданған шешім еді.

Қантар оқиғасынан кейін халықтың белсенділігі ояны. Өзгерістердің нәтижелері жалпы жаман емес.

Ел басқаруға Тоқаев Қасымжолар

Кемелді келгеннен кейін көптеген он өзгерістер орын ала бастағанын айту керек.

- Сіздің пікіріңізше, халықтың конституциялық құқығын білу деңгейі қаншалықты?

- Халық өз құқығын қорғауға құлықсыз. Соттасудан қашады. Өйткені, процесс өте ұзақ. Тіпті куәгер болудан бас тартады. Мен соттасуға үгіттеуден аулақпын. Негізінде, өркениетті елдерде, азаматтық қоғамдарда өмір бақи соттасып жүрген адам патриот болып есептеледі. Олардың түсінігінде соттасу деген түрмеде болу емес. Оларда соттасу – «қазақтың тойға барайық» дегеніндей қалыпты нәрсе. Дамыған мемлекеттерде соттасу «заңды орындатып жатырмыз» деп қабылданады. Яғни, міндетті түрде қылмыс жасап сотқа жүгіну емес, қарапайым заңбұзушылықтарға төзеушілік, пікір білдіру үйреншікті жайт болып саналады.

- Бүгінгі таңда тұрғындарды қандай мәселелер көп мазалайды деп ойлайсыз?

- Әділеттілік мәселесі. Бірақ ол жолда күресу керек. Бізде бір жаман әдет бар. Бәріне жоғарыдағы билікті кінәлап шығамыз. Әділеттілік қажет пе, жоғарыдағы биліктен күтпе, ең алдымен өз ортаңда, жүрген жеріңде, отбасыңда өзің орнат. Әділдік жоқ па күрес, айт. Есесіне, өзіңнен кейінгілердің жолын ашасыз.

- Өңіміңізге рақымет!

Р. САДУОВА

АТА ЗАҢ ТУРАЛЫ 7 ДЕРЕК

Қазақстан Республикасының басты құжаттарының бірі – Конституция

1. Қазақстан Республикасының Ата заңы әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі.

2. Қазақстанның Ата заңы 1995 жылы 30 тамызда қабылданып, 5 қыркүйекте күшіне енген.

3. Конституцияны халқымыз бүкілхалықтық референдум арқылы қабылдаған. Оған елдің 3 миллионнан аса азаматы қатысты.

Референдум – мемлекеттік маңызы бар мәселені халықтық дауысқа салу. Бұл тәсіл алғаш рет Швейцарияда жүзеге асқан. Референдумды әлемде халық таңдауы мен құқығын сақтау ретінде, яғни демократиялық институт ретінде көреді. Бірақ қандай да бір дереу шешілетін немесе кешенді дайындықты талап ететін, құпиялықты сақтауы тиіс мемлекеттік маңызы бар мәселелер референдумға салынбайды.

Конституцияның 1 бабы, 2 тармағында: «Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу» деп жазылған.

4. Қазақстан Республикасының Ата заңы кіріспеден және 10 бөлім мен 99 баптан тұрады.

Конституцияның алғы сөзінде былай деп жазылған: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді

еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшілік азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз».

Конституцияның 1 бабы, 1 тармағында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған.

5. Конституцияның ең соңғы бабы судьялар туралы.

6. Конституцияның ең көп бабы – 30 баптан тұратын «Адам және азамат» бөлімі.

7. Ең алғаш 1995 жылы Ата заң қабылданғаннан кейін, оған 6 рет өзгеріс енді.

Конституцияға 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 және 2022 жылдары өзгеріс енгізілген.

Ата заңға енгізілген соңғы өзгеріс бүкілхалықтық референдум арқылы өтті. Ол 2022 жылы 5 маусымда өтіп, жалпы алғанда мынадай өзгерістер енді:

Қазақстан суперпрезиденттік басқару формасынан күшті парламенті бар президенттік формаға көшті; Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі; Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызметші, квазимемлекеттік сектор субъектісі басшылары лауазымдарын атқаруға құқығы жоқ; Қазақстандықтар өз бетінше Конституциялық сотқа жүгіне

алады; Өлім жазасына тыйым салынады. Ешкімнің адам өмірін қиюға құқығы жоқ; Мәжілістің депутаттық корпусы аралас сайлау жүйесі бойынша құрылады; Сенаттағы президенттік квота қысқарады, мәжілістегі ҚХА квотасы жойылды; Мажоритарлық жүйе депутатты сайлаушылардың қалауы бойынша шақыртып алуға мүмкіндік береді; Тұңғыш президенттің ерекше рөлі мен артықшылықтары туралы ережелер алып тасталды.

Әділ заң — тірегің.

Жүсіп Баласағұн

Соғыстың заңы – өте қатал заң.

Бауыржан Момышұлы

Адамдардың заңы; жақсылық құру және ұрыс, дау-дамайдан аулақ болу.

Лао-цзы

Заң адам пайдасына жазылады, адам заң үшін тумады ғой.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан

Заңнан ақылды болудың қажеті жоқ

Платон

Адам жылап отырса - оның орнына келген заң қарі не оға бере алады?!

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан

Еркін адам дегеніміз — өз қалауымен, өз заңдарымен өмір сүретін адам.

Анахарсис

Заң әдет-ғұрыпқа қайшы келсе – үлкен аяққа тар етік кигенмен бірдей.

Міржақып Дулатов

КІТАПХАНАШЫЛАРЫМЫЗ ЖАҢАНДЫҚ ҰЙЫМ САПЫНДА

Кітап-сарқылмас қазына. Әйтсе де, кітапхана, баспасөз саласы жаһанданумен өмір салтымызға енген ғаламтордың көлеңкесінде қалып қойғандай күйде екендігі жасырын емес. Иә, қоғамда «қазір ешкім газет-журнал, кітап оқымайды» деген пікірдің қалыптасқаны шындық.

астам делегат қатысқан. Қазақ еліне әлемдік кітапханашылар қауымын IFLA президенті, Квисленд (Аустралия) кітапханасының бас директоры Вики Макдональд бастап келіпті.

IFLA – кітапхана ісіндегі мамандардың ең ірі жаһандық ұйымы. Ол 1927 жылы Шотландияның Эдинбург қаласында

- Ақпараттық сауаттылық пен цифрлық теңсіздік;

- Климаттық өзгерістер және ақпараттық қолжетімділік;

- Кітапханалар мен пошта қызметтері арқылы цифрлық алшақтықты жою.

Астана мен Алматы қалаларында бірқатар



Алайда, «білім көзі-кітап» екендігін мойындайтын орта үшін кітаптың, кітапхананың құндылығы түскен емес. Соңғы жылдары кітап оқудың адамның ой-өрісін қалыптастыруға, дамытуға тигізетін оң әсерін дәлелдеп «соқырға таяқ ұстатқандай» насихаттап жүргендер қатары да көбейді.

Мемлекет тарапынан да кітапхана қызметкерлеріне, кітапхана ісіне көзқарас жақсарып, қолдау көрсетіле бастағаны қуантарлық жағдай.

2025 жылғы 18 тамызда Астанада ЭКСПО аумағындағы Конгресс-орталығында «Білімді біріктіріп, болашақты қалыптастырамыз» тақырыбымен IFLA WLIC-тің 89-шы халықаралық кітапханалық және ақпараттық конгресінің өтуі де осы салаға оң көзқарас қалыптасуының нақты дәлелі болса керек. Бұл ауқымды шара Орталық Азия мен ТМД елдерінде алғаш рет ұйымдастырылып отыр.

Жиынға әлемнің 114 елінен 1 600-ден

құрылған. Бүгінде ұйымның штаб-пәтері Нидерландтың Гаага қаласындағы Кароль кітапханасында орналасқан. Халықаралық қауымдастық түрлі елдердегі озық тәжірибені жинақтап, сараптап, қызмет көрсету мен ақпарат алмасуды үйлестіріп отырады.

Конгреске университет атынан Ғылыми кітапхананың директоры Сатбаева Гүлмира Әлібайқызының қатысып, әлем кітапханашыларының ортасында болып, тәжірибе алмасып келуі зор мәртебе.

Бес күнге созылған бұл конференцияның мәні мен маңызы еліміздің кітапхана саласының мамандары үшін жаңа идеяларды меңгеруге, заманауи технологияларды енгізуге және ақпараттық қызмет сапасын жетілдіруге жол ашатын беделді кәсіби алаң болды. - дейді Гүлмира Әлібайқызы. Сонымен қатар, конгресс барысы жөніндегі ақпараттарды алға тартты:

Әлемнің 150 елінде мүшелері бар бұл федерацияның ресми ашылу салтанатына Астана төріне 114 елден келген кітапхана ісі саласындағы делегаттар, федерацияның президенті Вики Макдональд ханым, еліміздің лауазымды тұлғалары мен БАҚ өкілдері қатысты. Қатысушылар қатарында әлемдік жетекші ұйымдар: americanlibraryassociation, Springer-Verlag, Taylor & Francis және басқалар қатысып, компанияның өнімдері мен қызметтерін таныстырды.

CNKI(Қытайдың ұлттық білім қоры) мен Қазақстан университет кітапханалары консорциумы серіктестік аясында «Жасанды интеллект негізінде Қытайдың ғылыми білімдеріне қолжетімділік» атты бастаманы іске қосу жөнінде меморандумға қол қойылып, кітапханалардың цифрлық және интеллектуалдық трансформациясына арналған арнайы іс-шара өтті.

Конгресс аясында 200-ге жуық сессия жоспарланған, олардың ішінде:

- Кітапханалар азаматтық қоғамның инкубаторы ретінде;

- Жасанды интеллект дәуіріндегі медиа тұтыну;

спутниктік кездесулер ұйымдастырылды, мысалы:

- Мәдениетаралық қауымдастықтар үшін жергілікті тарих және генеалогия

- Жасанды интеллект, библиографиялық бақылау және құқықтық мәселелер

- Ақпараттық сауаттылық және инклюзивті цифрлық білім беру.

Кітапхана қауымдастығы мен институттарының халықаралық федерациясы (IFLA) 90-шы Дүниежүзілік кітапхана және ақпарат конгресі (IFLA WLIC 2026) 2026 жылдың 10-13 тамызы аралығында Оңтүстік Кореяның Пусан қаласында өтетінін нақтылады.

200-ге тарта іс-шаралар барысында кітапхана ісіндегі озық тәжірибелер талқыланып, сала қызметкерлері өзара тәжірибе алмасып, заманауи электронды базаларымен таныстырып Қазақстандық кітапханашылардың ортасы қалыптасуына да септігін тигізген шара болды.



УНИВЕРСИТЕТ КІТАПХАНАСЫН 5 ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ КІТАПХАНАМЕН САЛЫСТЫРУҒА КЕЛМЕЙДІ



Конгреске қатысып келген өкіліміз Гулмира Сатбаеваның алған әсерлерімен бөлісе отырып, қазіргі кітапхананың келбетіне қатысты көкейде жүрген бірқатар сұрақтардың жауабын білуге тырыстық.

- Кітапханашы болу үшін қандай қабілеттер басым болу керек?

Кітапханашы үшін ақпараттық сауаттылық, цифрлық технологияларды меңгеру, коммуникативтік қабілет, талдау мен жүйелеу дағдылары, сондай-ақ үздіксіз кәсіби даму мен оқуға деген құштарлық аса маңызды.

- Қазіргі оқырманды не қызықтырады?

Қазіргі заман оқырманы прагматикалық тұрғыда бағытталған. Оны кәсіби даму, цифрлық ресурстар, шет тілдеріндегі әдебиеттер, өзін-өзі жетілдіруге арналған басылымдар, сондай-ақ ғылыми-танымдық контент қызықтырады. Сонымен қатар, жедел әрі ыңғайлы ақпаратқа қол жеткізу, мультимедиялық және интерактивті ресурстарға сұраныс күн санап артып келеді.

Қазіргі оқырманды нақты, сенімді ақпарат көздері, заманауи әдебиет, кәсіби даму, өзін-өзі жетілдіруге арналған кітаптар мен цифрлық ресурстар қызықтырады. Сонымен қатар, мультимедиялық контент пен интерактивті платформаларға сұраныс жоғары. Университеттің кітапханасы болғандықтан білім алушылар жылдам әрі сапалы ақпаратты талап етеді. Ол үшін электрондық ресурстар, ғылыми-танымдық контент, кәсіби әдебиеттер, сонымен қатар мотивациялық және өзін-өзі дамытуға бағытталған кітаптар ерекше қызығушылық тудырады.

- Сіздің сүйікті кітабыңыз?

Кітапханада жұмыс жасағанмен, біздің кітап оқуға уақытымыз бола бермейді. Кітапхананың көзге көрінбейтін ішкі жұмыстары өте көп, оны біліп түсіну үшін кітапханашы болу керек. Дегенмен, жұмыстан, үй шаруасынан қолымыз қалт еткен кезде қолымызға кітап аламыз. Биыл Абай



атамыздың 180 жылдығына орай «Абайдың қара сөздерін» қайталап оқып шықтым. Осыдан 20 жыл бұрын «Абайдың қара сөздері» кітабын оқығандағы түйген ойларды, қазіргі оқығанда басқаша қырынан түсініп, ой түйеді екенсің.

Қазір заманауи кітаптар, яғни мотивациялық мазмұны бар кітаптар сұранысқа ие. Осы тақырыпта оқыған кітаптарымыздың бірі Дэвид Дж. Шварцтың «Ауқымды ойлаудың сиқыры»

атты еңбегі. Кітапты оқи отырып, өз жұмысына деген адалдық туралы, сол арқылы барлық қорқыныштарды жоюға болатынын және бізге жаңа нәрсе жасауға сенімділік береді екен.

электронды кітапханасы МегаПро жүйесі бойынша қашықтықтан 24/7 форматта қызмет көрсетеді.

Қазіргі таңда №1 оқу ғимаратында



Айналаңыздағы ортаны басқаруды үйренесіз, өзіңізге деген сенімділікті арттырады ең бастысы, өз жаныңызды түсінетін боласыз.

Бұл кітап жас талғамайды, кез-келген жастағы адамдар оқып, өзіне мотивация алады деген сенімдемін және осы кітапты оқуға кеңес берер едім. Осы тұста «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын қазына» екені тағы да айқын көрінеді.

- Болашақта кітапхананы қалай елестетесіз?

Жалпы болашақта кітапхананы цифрлық технологиялармен толық интеграцияланған, жасанды интеллект негізінде 24/7 қызмет көрсететін, оқырманға дербес көмек бере алатын, білім мен мәдениеттің тоғысқан зияткерлік орталығы ретінде елестетемін.

Ал университеттің кітапханасы туралы айтатын болсам, қазіргі кітапхананың тыныс тіршілігін осыдан 5 жыл бұрынғы кітапханамен салыстыруға мүлдем келмейді. 2022 жылы «Студенттер сарайы» ғимаратындағы кітапханамыз қайта

орналасқан тағы бір кітапханамызға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде, желтоқсан айында ерекше заманауи, озық технологиялармен жабдықталған ашық кітапхана болып іске қосылады. Осы орайда университет басшылығына кітапханашылар қауымының атынан Алғысымыз шексіз екенін жеткізгім келеді.

- Қоғамдағы сауаттылық пен мәдениетті көтеруге байланысты көзқарасыңыз?

Президенттің бастамасымен 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың отырысында елімізде кітап оқу мәдениетін орнықтыру мақсатында «23 сәуір – Ұлттық кітап күні» болып белгіленді.

Президент «Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек» - деп айтқан болатын. Қоғамда білім мен мәдениетті ұштастыратын – кітапхана.

Сауаттылық пен мәдениет – өркениетті қоғамның тірегі. Бұл бағытта кітапханалардың



жаңғыртудан өтіп, толық заманауи ашық кітапханаға айналды. Кітапхана озық технологиялармен жабдықталды, білім беру бағдарламаларына сәйкес оқылатын пәндерді жаңа мазмұнды әдебиеттермен қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын университет бюджетінен қаржы бөлініп отырады. Білім алушылар үшін шетелдік және отандық электронды базалар қолжетімді, кітапхананың

рөлі ерекше: олар ақпаратқа тең қолжетімділік ұсына отырып, оқырманның танымдық көкжиегін кеңейтеді, рухани және ұлттық құндылықтарды насихаттайды. Сондықтан кітапхана – мәдени ұлттық кодты сақтаушы және білімге бастар жол.

- Рақымет!

СТ сұхбат

СУРЕТТЕР СӨЙЛЕУДІ



СУРЕТТЕР СӨЙЛЕУДІ

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген гидротехнигі Мәделхан Нәлібаев атындағы су шаруашылығы музейі

Су шаруашылығы музейінің салтанатты ашылу рәсімі 2022 жылдың, 22 сәуірінде өтті.

Музейде Сыр еліндегі ежелгі елді мекендердің суландыру жүйелерінің пайда болу кезеңінен бастап, бүгінге дейінгі даму тарихы баяндалған. Аймақтың байырғы Сыр мұрабтарының өмірі, ізін жалғастырған инженер-гидротехниктердің еңбегі, олардың зерттеулері мен карталары, тас бөгеті мен су тораптарының салынуы, су-шаруашылығы саласының өсіп өркендеуі суреттелген.

Мекен-жайы: №5 оқу ғимараты, Н. Назарбаев даңғылы, №15



Әзірбайжанға сапар

ГУБАДАН АЛҒАН ТАҒЫЛЫМ

Әзірбайжанға жасаған сапарымыз жарқын әсерлерге толы болды. Бағдарлама мазмұны терең, оқиғалары мәнді еді. Алдымен біз Тұрақты даму мақсаттарына арналған дәрістерге қатыстық. Бұл – бүгінгі таңда бүкіл адамзаттың болашағы үшін аса өзекті тақырып.

Сапардың ең әсерлі сәттерінің бірі – Эверест шыңын бағындырған алғашқы әзірбайжандық әйел, қайсар рухты Яйлагюль Рамазанова ханыммен жүздесу болды. Оның өмір жолы бізге арманға табандылықпен әрі сеніммен ұмтылсаң мүмкін еместің өзі, мүмкін екенін үйретті.

Сонымен қатар Отан соғысының батыры Полад Рзаевпен кездесудің әсері ерекше болды. Оның ерлік пен патриотизм, Отанға адалдық жайлы айтқан жүрекжарды сөздері әрбіріміздің бойымызға рух берді.

Әзірбайжанның ұлттық дзюдо құрамасымен болған жүздесу бізді жігерлендіре түсті. Спорттың адамды біріктіретін, мінезді шыңдайтын әрі жеңіске жетелей білетін күш екенін айқын сезіндік.



Сапарымыздағы ең жылы әсер – әзірбайжан халқының қонақжайлығы еді. Губа тұрғындары бізді ерекше ілтипатпен қарсы алып, өзімізді өте еркін сезіндік.

Бұл сапар мен үшін тек саяхат қана емес, жаңа тәжірибе, жаңа достар және болашаққа жетелейтін шабыт болды. Әзірбайжанда болуға мүмкіндік берген университетке шын жүректен алғыс айтамын. Осындай сапарлар біз, студенттер үшін, әлемге ашық болуға және биік мақсаттарға батыл қадам жасауға жол ашады деп сенемін.

Рамазан МАШТАЕВ

ФКС-22-1 оқу тобының 3 курс студенті

Асқар Тоқмағанбетов 120 жаста

Тау тұлғалы А.Тоқмағанбетов

19 қыркүйек – қазақ ақыны, жазушы Асқар Тоқмағанбетовтің (1905-1983 ж.) туғанына 110 жыл. Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданында туған. Алғашқы сауатын ауыл молдасынан ашып, 1924-1926 жылдары Ташкенттегі политехникумда, 1932 жылы Мәскеудегі Журналистер институтында білім алды. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінде, «Ара» журналында қызмет етті.

Ұлы Отан соғысына қатысып, кейін Қазақстан Жазушылар одағының Шымкент, Қызылорда облыстары бойынша жауапты хатшысы болды. Алғашқы өлеңі «Еңбекші қазақ» газетінде 1924 жылы жарық көрді. 1928 жылдан бастап өлең, поэма, очерк, фельетон жанрында жазған еңбектері жеке жинақ болып басылып шықты. «Екі заң», «Сайлау», «Алдар көсе», «Бір семья» сынды пьесалар жазып, әсіресе мысал жанрында өнімді еңбек етті. Үш мәрте Еңбек Қызыл Ту, сондай-ақ I дәрежелі Отан соғысы, Октябрь революциясы ордендерімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Шығармаларының ішінде «Таңдамалы шығармалары», «Екі томдық шығармалар жинағы», «Тырналар, сұлу тырналар», «Алтын жапырақтар», «Төрт томдық шығармалар жинағы» ерекше орын алады.

Алтын сағат пен шойын сағат

Құлатай алтын сағатын,
Көрсетіп көпке тағатын.
Жұматай шойын сағатын,
Қалтасына тығатын.
Құлатай бұрып мойынын:
(Кім білген шын - ойынын)
«Жүріп тұр ма? — деп күлді
Қалтаңда шойының?»
Қысылған жоқ Жұматай,
Жауабын тез-ақ қайырды.
— Ақылың болса Құлатай,
Болғаның жөн пайымды.
Әңгіме, емес шойында,
Яки алтын сағатта.
Басқа тұр сенің ойыңда...
Әңгіме еңбек, талапта!

Терек пен алма

Терек тұр тақаппар боп кекірейген,
Жел қақса жапырағы желпең қағып,
Иілсе алма ағаштар бүкірейген,
Қарайды жемісіне ел таң қалып.

Теректей тентек кеуде көкірекшіл,
Мінезі кейбіреудің кісі кейір,
Әр кезде сөзі жылы, өзі көпшіл,
Білімді адам келеді кішіпейіл.



Майға бөккен маңғаз

Жүрекке бүйрек бір күн мақтаныпты,
Қалдырмай ойдағысын ақтарыпты:
— Сен мені жүрсің, достым, жақсы
ұғынбай,

Көрдің бе жамылғым май, жастығым
май.

Жазы - қыс жаным тыныш, майға
оранып,

Жатырмын бар байлықтың
бастығыңдай.

Атақты «бітеу» біткен атым бүйрек,
«Жатпаған майға оранып күнім сирек,
Жұмсауға керегіне алса біреу,
Алады шарбы майдан әрең сүйіп! —
Дегенде жүрек тұрды шамырқанып,
Бүйректің бұл сөзіне таңырқанып:
— Құр сыртың жылтыраған, байғұс
бүйрек,

Қолы емес, пышағының ұшы түйреп
Ұсынып отыратын балаларға,
Емес пе ең, мақтанасың бүгін бүй деп.
Мен болсам майды оранып,
жастанбай-ақ,

Аралап қан - тамырды бастан-аяқ,
Қолқадан кіріп, жұлдын, миды шолып,
Біреуін қалтарысқа тастамай-ақ,
Жүретін тіршіліктің тірегімін,
Сондықтан жұрттың сүйер
жүрегімін,

Қол үзген бар өмірден майға оранып,
Сыртыңнан аяп сені жүр едім мен! —
Деген сөз айтылса да жайлап қана,
Бүйрекке майға оранған арнап дара,
Жылы орын, жайлы төсек иелері,
Сендер де жүрек сөзін ойлап қара!

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп,
№КЗ29VPU00077786 куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.С.КАРИМОВА -
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма
Төрағасы-Ректоры
М.Ә.БӨРІБАЕВА -
Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байла-
ныстар жөніндегі проректор
Ж.Н.БАЗАРТАЙ -
әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор

Жауапты редактор:

Раушан
Садуова

Техникалық редактор:
Асқар
Махамов

SYR TULEGI
student jastar gazetі

Жарияланған мақаладағы автордың
пікірі редакцияның көзқарасын
білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба
қайтарылмайды. «Сыр түлегіне»
жарияланған мақала көшіріліп басылса,
сілтеме жасалуға міндетті.